

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 17 желтоқсан N 1288

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 мамырдағы N 484 P980484_ қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беру тәртібі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ай-Дан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 1997 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасының Үкіметі берген Қызылорда облысының Сырдария ауданының аумағында, ішінара ХХХ-40-а блогының шеңберінде орналасқан Арыс кенішінде көмірсутегі шикізатын барлауға арналған МГ сериялы N 979 (мұнай) лицензиямен берілген жер қойнауын пайдалану құқығын "Storm Resources,inc." компаниясына кепілге беруге рұқсат етілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі